

**Қарағанды қаласының «№59 жалпы білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекеме қызметіндегі
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері
бойынша талдамалық анықтама**

Талдау түрі: Қарағанды қаласы әкімдігінің «№59 жалпы білім беретін мектеп» КММ-нің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бойынша қызметіне ішкі талдау.

Талдаудың мақсаты мен міндеті: қалыптасқан тәжірибелерді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау жағдайлары мен себептерін анықтау.

Талдау кезеңі: 01.01.2024 ж. бастап 01.01.2025 ж. дейін

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016.10.19 №12 бұйрығымен бекітілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес мектеп директорының бұйрығымен бекітілген жұмыс тобы жүргізілді.

Жалпы білім беретін мектеп өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне және өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ «№59 жалпы білім беретін мектеп» КММ Жарғысына сәйкес жүзеге асырады.

«№59 ЖББМ» КММ қызметкерлерінің саны 01.01.2024 ж. бастап 01.01.2025 ж. штат бойынша: 62 Педагог, 5 қосалқы қызметкер, 3 – декреттік демалыста, барлығы 71 педагог; техникалық және қызмет көрсету персоналы – 31 адам, 2 - декреттік демалыста, қызметкерлер саны-117 адам. Бос жұмыс орындары-8.

Барлық қызметкерлер зерттелетін кезеңде оқудан өту, біліктілігін арттыру мерзімдері мен тәртібін сақтады.

«№59 жалпы білім беретін мектеп» КММ әкімшілігі мектеп қызметкерлерімен белгіленген шектеулерді сақтамау жағдайларын анықтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында белгіленген міндеттерді орындау бойынша тиісті жұмыс жүргізуде.

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «№59 жалпы білім беретін мектеп» КММ мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес 7 мемлекеттік қызмет көрсетеді:

1. "Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық

бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау" жыл ішінде бұл мемлекеттік қызмет 203 оқушымен көрсетілді.

2."Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау". 01.2024-01.2025 жылдар ішінде бұл мемлекеттік қызмет 35 балаға көрсетілді.

3. "Негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру". Жыл ішінде аталған мемлекеттік қызмет 11 адамға көрсетілді.

4. "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну". Жыл ішінде бұл мемлекеттік қызмет 01.01-05.25.2024 Ж – 25 оқу, 02.09.2024 ж-36, 01.10.2024 ж - 47, 01.11.2024 ж - 58, 01.12.2024 ж – 59 оқу орындарынан көрсетілді.

5. "Денсаулық жағдайы бойынша ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттарды қабылдау". Жыл ішінде бұл мемлекеттік қызмет 3 оқушымен көрсетілді.

6. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі бағдарламаларды іске асыратын білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлеріне және оларға теңестірілген тұлғаларына біліктілік санаттарын беруге (растауға) аттестаттаудан өту үшін құжаттарды қабылдау". Жыл ішінде бұл мемлекеттік қызмет 6 қызметкерге көрсетілді.

7. Қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде аз қамтылған отбасылардан шыққан балаларға демалыс беруге жолдама беру және құжаттарды қабылдау. Жыл ішінде бұл мемлекеттік қызмет 4 оқу орнының қала сыртындағы лагерьлерінде, 5 оқу орнының мектеп жанындағы лагерьінде көрсетілді.

Берілген құжаттардың ресімделуінің дұрыстығы туралы міндетті белгісі бар әрбір қызмет бойынша міндетті деректемелері бар қызметтерді есепке алу журналдары құрылды.

Жалпы орта білім беретін мектептің үй-жайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың ақпараттық стендтерімен жабдықталған. "Сенім телефоны", азаматтардың жазбаша өтініштері үшін жәшік бар.

Мемлекеттік қызметтер көрсетуді ішкі бақылау нәтижелеріне сәйкес талданатын кезең ішінде мемлекеттік қызметтер көрсету

мерзімдерін бұзу тіркелмеген және мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша шағымдар түскен жоқ.

2025 жылы бекітілген Мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес 114 сатып алу өткізілді, оның ішінде:

- конкурстық негізде-4,
- бір көзден-61,
- баға ұсыныстарын сұрау-43.

Мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде бұзушылықтарға жол берілмеді.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша жұмыс тұрақты бақылауда. Қарау мерзімі сақталады, мерзімі өткен өтініштер жоқ.

Барлық келіп түскен өтініштер Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін тіркеу журналдарында тіркеледі. Барлық өтініштер бойынша түсініктемелер беріледі.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде комиссия орта мектеп құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою бойынша барлық қажетті шараларды қабылдап жатыр деген қорытындыға келді. Сондай-ақ, мектеп құқық тәртібін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдарымен үнемі өзара іс-қимыл жасайды, талданып отырған кезеңде орта мектеп қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау үшін сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды насихаттау бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізуді ұсынады.

Сонымен қатар, қажет:

- ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы түсіндіру бойынша құқықтық оқу жүргізу;
- жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін есепке алу және тіркеу мәселелері бойынша тұрақты негізде бақылау жүргізу;
- заңда белгіленген мерзімде сапалы мемлекеттік қызметтер көрсету.

Жұмыс тобы:

Мектеп директоры
Директорының ТЖ орынбасары
Директордың ОЖ орынбасары
Бас бухгалтер

Жакина Мария Хакимжановна
Абдикасова Гулден Алтыбаевна
Омарова Әлия Сұлтанбекқызы
Рамазанова Гүлжан Шәкенқызы